

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)

AECP3000

Сұрағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

|          |                                                                            |           |
|----------|----------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>1</b> | <b>Маңызды ақпарат</b>                                                     | <b>2</b>  |
|          | Маңызды қауіпсіздік ақпараты                                               | 2         |
|          | Ескерту                                                                    | 3         |
| <b>2</b> | <b>WeCall телефоны</b>                                                     | <b>5</b>  |
|          | Кіріспе                                                                    | 5         |
|          | Қораптың құрамы                                                            | 5         |
|          | Өнімге шолу жасау                                                          | 6         |
| <b>3</b> | <b>Жұмысты бастау</b>                                                      | <b>7</b>  |
|          | Тұтқаны қосу                                                               | 7         |
|          | WeCall телефонын орналастыру                                               | 7         |
|          | Қуатты қосу                                                                | 7         |
|          | Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосу                                         | 8         |
| <b>4</b> | <b>WeCall телефонын пайдалану</b>                                          | <b>9</b>  |
|          | Домофон ретінде пайдалану                                                  | 9         |
|          | WeCall қолданбасымен бірге пайдалану (iPhone немесе Android телефоны үшін) | 9         |
|          | Bluetooth немесе компьютер динамигі ретінде пайдалану                      | 10        |
|          | Мобильді құрылғыны зарядтау                                                | 11        |
|          | Құлаққап арқылы тыңдау                                                     | 12        |
| <b>5</b> | <b>Өнім туралы ақпарат</b>                                                 | <b>13</b> |
| <b>6</b> | <b>Ақаулықтарды жою</b>                                                    | <b>14</b> |

# 1 Маңызды ақпарат

## Маңызды қауіпсіздік ақпараты

Бұл құжаттың аудармасы тек анықтама ретінде берілген.

Ағылшын нұсқасы мен аударылған нұсқасы арасында қандай да бір сәйкессіздік болған жағдайда ағылшын нұсқасы басымырақ болады.

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады.

**АБАЙЛАҢЫЗ!** От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс.

**ЕСКЕРТУ!** Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

**Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары**

① Осы нұсқауларды оқыңыз.

- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑨ Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- ⑩ Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- ⑪ Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- ⑫ Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑬ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- ⑭ Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.

- 15 Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

## Есту қауіпсіздігі



### Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

### Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

### Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

### Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.

### Бөлшектерді/қосалқы құралдарды ауыстыру туралы

Қосалқы бөлшектерге/керек-жарақтарға тапсырыс беру үшін [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) веб-торабына кіріңіз.

### Ескерту

CE 0890

EAC

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.

### **Айналаны қорғау мәселелер ақпараты**

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушысы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



Skype — Skype немесе қатысты компаниялардың сауда белгісі. Бұл өнім сыналған және дыбыс және бейне сапасының сертификаттау стандарттарына сай болғанымен, оған Skype, Skype Communications S.a.r.l қолдау көрсетпейді, немесе ұсынылмаған.



### **Skype көмегімен жедел қоңыраулар шалу мүмкін емес**

Skype кәдімгі телефоныңызды ауыстырмайды және оны жедел қоңырау шалу үшін пайдалана алмайсыз.



#### **Ескертпе**

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

## 2 WeCall телефоны

Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

### Кіріспе

Бұл Bluetooth конференциялық динамигі (WeCall телефоны) мына мүмкіндіктерді береді:



- Bluetooth қолдайтын смартфонды қосу және WeCall телефоны арқылы мобильді немесе VoIP қоңырауларды тікелей шалу.
- Bluetooth қолдайтын компьютерді немесе Mac компьютерін қосу және WeCall телефоны арқылы VoIP қоңырауларды тікелей шалу.
- Bluetooth қолдайтын iPhone немесе Android телефонын қосу және **WeCall** қолданбасының көмегімен WeCall телефоны арқылы конференциялық қоңырау шалу.
- Bluetooth қолдайтын мобильді құрылғыдан немесе компьютерден/Mac компьютерінен музыканы тыңдау.
- iPhone, Android телефонын немесе MP3 ойнатқышы сияқты басқа мобильді құрылғыларды зарядтау.

### Қораптың құрамы

WeCall телефонына кіретін мыналарды тексеріңіз және анықтаңыз:

- WeCall телефоны
- Қуат адаптері
- 1 x Android бекіту жинағы (USB кабелі бар адаптер)
- 1 x 30-ашалы бекіту адаптері
- 1 x жарықтандырылатын бекіту адаптері
- Басып шығарылған материалдар

## Өнімге шолу жасау



### ① Телефон тұтқасы

### ② 0 индикаторы

- Bluetooth қосылымы күйін көрсету.

### ③ 🔊

- Кіріс мобильді қоңырауға жауап беру.
- Ағымдағы мобильді қоңырауды аяқтау.
- Bluetooth қолдайтын құрылғыға қолмен жұптастыру үшін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.

### ④ +/-

- Қоңырау немесе музыка ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеу.
- Бұрыннан бар жұптастыру туралы ақпаратты жою үшін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.

### ⑤ 📞

- Екінші тарап сізді естімеуі үшін қоңырау кезінде WeCall телефонының кірістірілген микрофонының дыбысын өшіріңіз.

### ⑥ Ұялы телефонға арналған қондырма

### ⑦ 📶

- Құлаққап ұясы.

### ⑧ ⚡ 5 В 1 А

- Қуат розеткасы.

### ⑨ CHARGING

- iPhone, Android телефоны немесе MP3 ойнатқышы сияқты мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған ұя.

### ⑩ 🔌

- Тұтқаны қосуға арналған ұя.

### ⑪ WeCall телефонына арналған үстел тірегі

### 3 Жұмысты бастау


#### ! Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


#### Тұтқаны қосу

- WeCall телефонының артқы жағындағы  ұясына қосу.



#### WeCall телефонын орналастыру

- Үстел тірегінің көмегімен WeCall телефонын айнымалы ток көзіне жақын, қатты әрі тегіс жерге қойыңыз.




#### Қуатты қосу

#### ! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток сымын қоспастан бұрын, барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.


- Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз:
  - WeCall телефонының артқы жағындағы  5V 1A ұяшығына және
  - розеткаға.
- ➔  көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.



- 1 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз.
- 2 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «WeCallPhone Philips» құрылғысын және қажет болса, жұптастыру құпия сөзі ретінде «0000» сандарын енгізіңіз.
  - ↳ Сәтті жұптастырудан және қосылудан кейін, 8 көрсеткіші көк болып жанады және WeCall телефоны дыбыстық белгі береді.

## Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосу

WeCall телефонын Bluetooth қолдайтын мобильді құрылғымен (мысалы, ұялы телефон немесе планшет) не болмаса компьютермен немесе Mac компьютерімен жұптастыруға болады. Содан кейін WeCall телефонынан музыканы тыңдауға болады немесе оны мобильді немесе VoIP қоңырауларын шалғанда домофон ретінде пайдалануға болады.



### Ескертпе


- Жаңа Bluetooth қолдайтын құрылғымен жұптастыру үшін мына әрекеттерді орындауға болады:
- 1. Бұрыннан бар Bluetooth қосылымын жою үшін WeCall телефонындағы +/- түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.
- 2. Қазіргі уақытта қосылған құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз.
- WeCall телефоны 4-ке дейін жұптастырылған құрылғыны есте сақтай алады. Басқа Bluetooth қолдайтын құрылғымен жұптастырғанда бірінші есте сақталған құрылғы қайта анықталады.

### Ескертпе

- WeCall телефоны мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр болады.
- Егер жұптастыру немесе байланыстыру үшін ешқандай құрылғы болмаса, қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде динамиктері Bluetooth көрсеткіші 5 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Bluetooth функциясын динамикте қайта қосу үшін түймесін басуға болады.

## 4 WeCall телефонын пайдалану

### Домофон ретінде пайдалану



- 1 Мобильді телефонда мобильді немесе VoIP қоңыраулар шалыңыз, не болмаса планшетте немесе компьютерде/Mac компьютерінде VoIP қоңырауларын (мысалы, Skype™ қоңырауларын) шалыңыз.

- 2 Қоңырау кезінде WeCall телефонын домофон ретінде пайдаланыңыз.



#### Кеңес


- Кіріс мобильді қоңырауға жауап беру үшін тұтқаны көтеруге немесе түймесін басуға болады.
- Мобильді қоңырауды аяқтау үшін тұтқаны қоюға немесе түймесін басуға болады.
- Мобильді қоңырау кезінде екінші тарап сізді естімеуі үшін WeCall телефонының кірістірілген микрофонының дыбысын өшіру үшін түймесін басуға болады.
- Мобильді немесе VoIP қоңырауы кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall телефонында +/- түймесін пайдалануға болады.

### WeCall қолданбасымен бірге пайдалану (iPhone немесе Android телефоны үшін)

- 1 iPhone немесе Android телефоныңызға Philips WeCall қолданбасын жүктеңіз.




- 2 WeCall телефоны және iPhone немесе Android телефоны арасында Bluetooth қосылымын орнатыңыз (ақылдасу 'Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосу' бет 8).




3 Philips WeCall қолданбасын іске қосыңыз және күнтізбеден кездесулерді импорттаңыз.

- Ықтимал конференциялық қоңыраулар бөлектеледі. Олардың біреуін таңдаңыз.



4 Телефон нөмірін және кодты растаңыз.



5 Конференциялық қоңырау шалу.




## Кеңес

- Қоңырау кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall телефонында +/- түймесін пайдалануға болады.
- Қоңырау кезінде екінші тарап сізді естімеуі үшін WeCall телефонының дыбысын өшіру үшін түймесін басуға болады.
- Қоңырау кезінде қоңырауды аяқтау үшін түймесін басуға болады.

## Bluetooth немесе компьютер динамигі ретінде пайдалану

- Bluetooth қолдайтын құрылғыда дыбысты ойнатуды бастаңыз, одан кейін WeCall телефонынан тыңдаңыз.






## Кеңес

- Дыбысты ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall телефонында +/- түймесін пайдалануға болады.


## Мобильді құрылғыны зарядтау

iPod/iPhone, Android телефонын немесе MP3 ойнатқышы сияқты мобильді құрылғыны WeCall телефонындағы 5 В 500 мА USB ұясы арқылы зарядтауға болады.


- 1 Шағын USB ұясы бар Android телефоны немесе мобильді құрылғы үшін жинақпен берілген Android бекіту жинағының А жағын WeCall телефонының артқы жағындағы **CHARGING** ұясына салыңыз.
- 30 ашалы/ жарықтандыру коннекторы бар iPod/iPhone үшін сәйкес Apple USB кабелінің (жинаққа кірмейді) А жағын WeCall телефонының артқы жағындағы **CHARGING** ұясына салыңыз.




- 1 USB кабелін қондырмадағы үстел тірегі мен саңылауы арқылы өткізіңіз, одан кейін оны сәйкес бекіту адаптеріне жалғаңыз.



- 2 Бекіту жинағын қондырмаға салыңыз.



- 3 Мобильді құрылғыны қондырмаға орнатыңыз.  
↳ WeCall телефоны мобильді құрылғыны зарядтауды бастайды.




## Кеңес


- Жоғарыдағы 2-қадамды Android пайдаланушыларының орындауы міндетті емес, себебі Android бекіту адаптерінде әдепкі бойынша USB кабелі бар.

## Бекіту адаптері мен кабелін ажырату

- 1 Құлпынан бекіту және қондырмадан шығарып алу үшін бекіту адаптерінің сол және оң жағын басып тұрыңыз.




- 2 Ішкі құлыптарын босатып, бекіту адаптерінен кабельді ажыратыңыз.



## Құлаққап арқылы тыңдау

- Құлақаспапты WeCall телефонындағы  ұяшығына қосыңыз.



## 5 Өнім туралы ақпарат

### Күшейткіш

|                       |                              |
|-----------------------|------------------------------|
| Номиналды шығыс қуаты | 2W RMS                       |
| Жиілік жауабы         | 80 Гц -16к<br>Гц, $\pm 3$ дБ |
| Сигнал-шу арақатынасы | >75 дБ                       |

### Bluetooth

|                       |                                  |
|-----------------------|----------------------------------|
| Bluetooth®<br>нұсқасы | V2.1 + EDR                       |
| Жиілік жолағы         | 2,402-2,480 ГГц<br>ISM диапазоны |
| Ауқымы                | 10 м (бос орын)                  |

### Динамиктер

|                                    |                    |
|------------------------------------|--------------------|
| Үндеткіштің номинадық<br>қарсылығы | 8 ом               |
| Үндеткіш драйвері                  | 1" динамик         |
| Сезімталдық                        | >84 дБ/1<br>Вт/1 м |

### Жалпы ақпарат

|                                  |                                |
|----------------------------------|--------------------------------|
| Тұрақты ток қуат кірісі          | Кіріс: 5 В<br>тұрақты ток, 1 А |
| Мөлшері                          |                                |
| - Негізгі құрылғы<br>(Е x Б x Д) | 215 x 60 x<br>142 мм           |
| Салмағы                          |                                |
| - Негізгі құрылғы                | 0,37 кг                        |

## 6 Ақаулықтарды жою



### Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

### Қуат жоқ

- Қуат адаптері қуат көзіне және WeCall телефонына қауіпсіз қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

### Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін WeCall телефонында +/- түймесін басыңыз.
- Ұялы телефон, планшет немесе компьютер/Мас сияқты қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- WeCall телефонында Bluetooth қосылымы орнатылғанын тексеріңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбысты ойнату немесе қандай да бір қоңырау басталған ба, соны тексеріңіз.
- Құлақаспапты ажыратыңыз.

### Bluetooth қосылымы орнатылмады

- WeCall телефонының айнымалы ток көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- WeCall телефоны және Bluetooth қолдайтын құрылғы тиімді жұмыс ауқымында, яғни, шамамен 10 метр екенін тексеріңіз.
- WeCall телефоны мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы қандай да бір кедергіні алыңыз.
- WeCall телефонына қосылу үшін құрылғыдағы Bluetooth параметрін тексеріңіз (мәліметтерді нақты құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).
- Қалпына келтіріп, әрекетті қайталау үшін WeCall телефонындағы +/- түймесін 5 минуттан артық басып тұрыңыз.
- Егер компьютермен немесе Mac компьютерімен Bluetooth қосылымында қандай да бір мәселе бар болса, компьютердің Bluetooth драйверін не болмаса Mac компьютерінің iOS нұсқасын жаңартыңыз.
- Mac компьютерімен бірінші рет жұптастырудан кейін WeCall телефоны ажыратылған болып көрсетілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес. Bluetooth қосылымын іске қосу үшін жай WeCall телефоны арқылы VoIP қоңырауларын шалу немесе музыканы ойнату керек.





2014 © WOOX Innovations Limited.

All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

AECP3000\_12\_UM\_V1.0

